



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

### САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ ҮГІТ

**Мақсаты:** сайлау алдындағы үгіт мәселелерін, сенім білдірілген адамдар қызметінің құқықтық негіздерін зерделеу.

**Жоспары:**

1. Сайлау алдындағы үгіт ұғымы және оны іске асыру тәртібі.
2. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу құқығы.
3. Кандидаттың, саяси партияның сайлау алды бағдарламасы.
4. Сенім білдірілген адамдар.
5. Сайлау алдындағы үгітті тоқтату.



## Сайлау алдындағы үгіт ұғымы және оны іске асыру тәртібі

**Сайлау алдындағы үгіт** – сайлаушылардың белгілі бір кандидатты, саяси партияны жақтап немесе қарсы дауыс беруге қатысуына түрткі болу мақсатындағы қызмет

### Сайлау алдындағы үгіт жүзеге асырылады:

**БАҚ арқылы**  
тіркелген кандидаттарға шарттық негізде эфир уақытын, баспасөз бетінен орын беру шарттары мен тәртібіне сәйкес осы БАҚ-та жарияланған эфирді және баспасөз бетінен орын пайдалануға болады

**сайлау алдындағы іс-шаралар арқылы**  
заңнамада белгіленген тәртіппен және «Сайлау туралы» Конституциялық заңда тыйым салынбаған сайлау алдындағы жария іс-шараларды, сайлау алдындағы жария пікірсайыстар мен пікірталастарды, митингілерді, шерулерді, демонстрацияларды және өзге де сайлау алдындағы іс-шараларды, сондай-ақ кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен жеке кездесулерін өткізу жолымен

**үгіт материалдары арқылы**  
шығару жолымен тарату, баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын. Барлық үгіттік баспа материалдарында осы материалдарды шығарған ұйым, олардың басылған жері мен таралымы, тапсырыс жасаған тұлғалар, қандай қаражаттан төленгені туралы мәліметтер болуға тиіс.

### Сайлау алдындағы үгітті жүргізуге тыйым салынады, кез келген сайлау алдындағы үгіт материалдарын таратуға құқылы:

мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, сондай-ақ қызметтік міндеттерін атқару кезінде олардың лауазымды адамдарына

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілеріне, Ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьяларға

сайлау комиссияларының мүшелеріне

діни бірлестіктерге





## Сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқығы

Мемлекет азаматтарға, қоғамдық бірлестіктерге ҚР заңнамасына сәйкес қандай да бір кандидатты, саяси партияны жақтап немесе қарсы кедергісіз сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқығына кепілдік береді

Сайлау қорларын құрмайтын азаматтар, қоғамдық бірлестіктер қаржыландыруды талап етпейтін сайлау алдындағы үгітті жүргізуге құқылы

Осы Конституциялық заңға сәйкес белгіленген тіркеу мерзімі аяқталған кезден бастап және үгіт науқаны аяқталғанға дейін кандидаттардың, партиялық тізімін ұсынған саяси партиялардың өздерінің сайлау алдындағы бағдарламаларын баспасөзде және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында үгіттеуге және насихаттауға құқығы бар

Кандидаттардың, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың сайлау алдындағы үгіт жүргізуі үшін бұқаралық ақпарат құралдарына қол жеткізуінің тең жағдайларына кепілдік беріледі

БАҚ тіркелген кандидаттарға және партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға шарттық негізде эфир уақытын, баспасөз бетінен орын береді. Кандидаттарға және партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға БАҚ-та эфир уақытын, баспасөз бетінен орын беру туралы шарттың талаптары белгілі бір кандидатқа, саяси партияға артықшылық жасамауға тиіс

Жергілікті атқарушы органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жайлар береді. Үй-жай беру шарттары барлық кандидаттар үшін бірдей және тең болуға тиіс

